

DOI 10.52260/2304-7216.2023.4(53).36
 ЭОЖ 338.224 (574)
 FTAMP 06.54.31

М. Әділбекұлы*, PhD докторанты¹

Г.К. Абдраманова, э.ғ.к., доцент м.а.¹

Ж.А. Бабажанова, э.ғ.к., профессор²

Г.И. Жолдасова, аға оқытушы³

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
 университеті, Астана қ., Қазақстан¹

Қазақ ұлттық хореография
 академиясы, Астана қ., Қазақстан²

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық
 университеті, Алматы қ., Қазақстан³

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: merey.kz@mail.ru

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ЫНТАЛАНДЫРУ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ НӘТИЖЕЛІЛІГІН ТАЛДАУ

Мақалада Қазақстан кәсіпорындарының инновациялық қызметін ынталандыру бойынша бағдарламалық құжаттардың қолданбалы нәтижелілігін талданады. Бағдарламалық және нормативтік құжаттарды талдау әдістерін (нәтижелілікті қолданбалы талдау), статистикалық талдау әдістерін пайдалана отырып, Қазақстан кәсіпорындарының инновациялық қызметін ынталандыру бойынша бағдарламалық және нормативтік құжаттардың қолданбалы нәтижелілігін кешенді бағалау жүргізілді. 2010–2014, 2015–2019, 2020–2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламаларының нысаналы индикаторларының орындалуына жүргізілген талдау өңдеуші өндіріс секторының өнім экспорты көлемінің көрсеткіші бойынша қалыптасқан қолайсыз жағдайды көрсетеді. Негізгі нәтижесі: бағдарламалық және нормативтік құжаттардың қолданбалы нәтижелілігін, Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі салалары кәсіпорындарының инновациялық қызметін қолдау құралдары мен шаралары жүйесін кешенді бағалау. Талдау нәтижелері бойынша бірқатар тұжырымдар жасалды: өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын инновациялық дамыту – ауқымды және күрделі міндет. Өнеркәсіп секторларын технологиялық жаңғырту бойынша мемлекет деңгейінде шешімдер қабылдау процесіне жүйелі көзқарас қажет. Бұл бағытта кәсіпорындардың бәсекелестік артықшылықтарын жандандыруға баса назар аудару дұрыс бағдар болып табылады. Мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелерін ашық талқылап, қателіктердің болу себептерін анықтай отырып, жауапты тараптарды айқындау бойынша жұмыс жүргізу қажет. Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының инновациялық дамуға мүмкіндіктерін сәйкесінше бағалау және қалыптасқан жағдайларға сәйкес келетін нысаналы индикаторларды белгілеу мәселелерін мұқият пысықтау қажет.

Кілт сөздер: инновация, инновациялық қызмет, өңдеу өнеркәсібі, мемлекеттік бағдарламалар, кәсіпорындар, ынталандыру, қолданбалы тиімділік, Қазақстан.

Ключевые слова: инновации, инновационная деятельность, обрабатывающая промышленность, государственные программы, предприятия, стимулирование, прикладная результативность, Казахстан.

Keywords: innovation, innovative activity, manufacturing industry, government programs, enterprises, incentives, applied effectiveness, Kazakhstan.

Кіріспе. Мемлекеттік бағдарламалар аясында өңдеуші өнеркәсіп саласы кәсіпорындарының инновациялық қызметіне қолдау көрсету және ынталандыру шараларына республикалық бюджеттен қомақты сомалар бөлінеді. Осыған қарамастан, инновацияларға жұмсалатын шығындардың тиімділігі және жалпы ішкі өнімдегі инновациялық өнімнің үлестік көрсеткіштеріндегі инновациялық қызметтің нәтижесі әлі де төмен деңгейде. Осыған байланысты өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының ынталандыру тетіктеріне бағыттылығы мен әрекеттерінің нәтижелілігін анықтаған және талдаған маңызды. Ол үшін кәсіпорындардың сұраныстары мен әрекеттерін форсайт-зерттеудің нәтижелері қорытынды жасауға, сондай-ақ инновациялық қызметті ынталандыру тетіктерін дамытудың жол картасын құруға эмпирикалық негіз бола алады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында осы саладағы, нақты айтқанда кәсіпорындардың өнімділігімен, бәсекеге қабілеттілігімен және инновациялық әрекеті моделімен байланысын, инновацияларды дамытуға түрлі ынталандырушы шаралардың үлесін, кешенді бағалау жүргізілген зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады. Мемлекеттік саясаттың өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының әрекетіне әсерін жүйелі түрде қарастыратын зерттеулер одан да аз.

Әрекет стратегиялары туралы алынған эмпирикалық деректер бизнестегі инновацияларды ынталандырудың қолданыстағы тетіктерінің рөлін нақтылауға және бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында саясаттың мазмұнына олардың «сұраныстарын» бағалауға мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – кәсіпорындардың инновациялық іс-әрекетін ынталандыру бойынша нормативтік және бағдарламалық құжаттардың қолданбалы нәтижелілігін талдау.

Мақалада зерттеу әдістері қолданылады: бағдарламалық және нормативтік құжаттарды талдау (нәтижелілікті қолданбалы талдау), статистикалық талдау әдісі болады.

Негізгі нәтижесі: бағдарламалық және нормативтік құжаттардың қолданбалы нәтижелілігін, Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі салалары кәсіпорындарының инновациялық қызметін қолдау құралдары мен шаралары жүйесін кешенді бағалау.

Әдебиеттік шолу. Жаһандану және шикізат ресурстарына бағаның жоғары белгісіздігі жағдайында қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі драйвері өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының нәтижелі инновациялық қызметі болып табылады. Инновациялық қызмет кәсіпорындарға өздерін нығайтуға және жаңа нарықтарға шығуға мүмкіндік береді. Инновациямен байланысты қызметті дамыту арқылы кәсіпорындар қосымша бәсекелестік артықшылықтарға ие болумен қатар ішкі нарықта өндіріс ауқымы шектеулі жағдайларда өндірілетін өнімнің сыртқы нарықтарға шығуына ықпал етуге қабілетті болады [1].

Өңдеуші өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық іс-әрекетінің тиімділігі көбінесе осы процесті тиімді басқару мен ұйымдастыруға байланысты. Қазақстандағы кәсіпорындардың инновациялық қызметін мемлекеттік қолдау және ынталандыру шаралары өткен онжылдықта үдей түскенімен, инновациялық өнім өндірісінің деңгейі төмен көрсеткіште қалуда [2]. Осының бәрі кәсіпкерлік саласында қолданылатын ынталандыру әдістері мен құралдарының тиімсіздігін көрсетеді, бұл оларды жетілдіру жолдарын іздеу қажеттілігін анықтайды.

Бірқатар көптеген зерттеулерде инновациялық іс-әрекетті кәсіпорын деңгейінде жандандыру үшін макроэкономикалық деңгейде инновацияларды құру мен енгізудің тізбекті реакциясына ықпал ететін сауатты инновациялық саясат қажет екенін көрсетеді. Мұндай процестің нәтижесі бәсекеге қабілеттілікті арттыру болып табылады. Мемлекет деңгейіндегі бәсекеге қабілеттілікті нарықтық экономиканың сауатты саясатты тиімді іске асыру, институттар мен құрылымдарды қалыптастыру, сондай-ақ адами, қаржылық, табиғи ресурстарды оңтайлы бөлу арқылы азаматтар үшін әлеуметтік әл-ауқат пен экономикалық өсуді қамтамасыз ету қабілеті ретінде сипаттауға болады. Микро деңгейде бәсекеге қабілеттілік кәсіпорынның нарықтағы үлесімен сипатталады. Осылайша, елдердің бәсекеге қабілеттілігі-бұл кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі қамтамасыз етілетін және жақсартылатын қолайлы ортаны құру және қолдау мүмкіндігі [3].

Негізгі бөлім (нәтижелер мен талқылау)

2009 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанда өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын қолдаудың бірқатар мемлекеттік бағдарламалары әзірленіп, іске асырылды және жұмыс істейді:

1. ҮИИДМБ [4], ИИДМБ-1 [5], ИИДМБ-2 [6].
2. Бизнесің жол картасы 2025 [7].
3. «Өндірістік» бағдарлама.
4. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы.
5. «Цифрландыру, ғылым және инновация есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы [8].

Бұдан әрі 2009-2014 жылдарға, 2015-2019 жылдарға, 2020-2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамудың үш бағдарламасының қолданбалы нәтижелілігіне талдау жүргіземіз.


«Қазақстан – 2030» Стратегиясы жарияланғаннан кейін [9] ҚР Үкіметі бірқатар жоспар жобаларын әзірлеп, 30-дан астам тиісті заңдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясын қабылдады [10].

Индустрияландырудың 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асырудың бірінші кезеңі 2010-2014 жылдарға арналған ҮИИДМБ болды, оның шеңберінде нарықтық және әлеуметтік инфрақұрылымды (көліктік, телекоммуникациялық, энергетикалық, білікті кадрлармен қамтамасыз етуді) дамытуды қоса алғанда, мемлекеттік қолдау көрсету шаралары көзделген.

ҮИИДМБ бағдарламасына ҚР Президентінің Жарлығымен үш түзету енгізілді: 01.08.2013 ж. №607 [11], 07.03.2014 ж. №762 [12], 25.12.2014 ж. №984 [13], түзетулер бағдарламаның міндеттерін түзетуді, нысаналы индикаторлар көрсеткіштерін ұлғайтуды көздейді. Мәселен, соңғы редакцияда көрсеткіштердің мынадай шекті мәндері белгіленді:

- шикізаттық емес сектордың ЖҚҚ 2015 жылға қарай 2008 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде кемінде 39,5%-ға ұлғаюы;
- өңдеу өнеркәсібінің 2015 жылға қарай 2008 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде 43,6%-ға ұлғаюы;
- өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің нақты мәнде 2015 жылға қарай 2008 жылғы деңгейге қарағанда кемінде 1,5 есеге ұлғаюы;
- экспорттың құндық көлемінің 2015 жылға қарай 2008 жылғы деңгейге қарағанда кемінде 30% - ға ұлғаюы.

1-суретте ҮИИДМБ іске асырудың нысаналы көрсеткіштерінің өзгеруі суреттелген, соның негізінде бағдарламаның әрбір көрсеткіші бойынша орындалуына талдау жүргізуге болады.



1-сурет. ҮИИДМБ және ИИДМБ нақты мәнде іске асырудың нысаналы көрсеткіштерінің өзгеруі*

* Авторлармен құрастырылған

1-кестеде ҮИИДМБ нысаналы көрсеткіштерінің орындалуына талдау ұсынылған.

1-кесте

2010-2014 жылдарға арналған ҮИИДМБ шеңберінде нысаналы индикаторлар және олардың орындалуын талдау*

Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері	Орындалуы
Шикізаттық емес сектордың ЖҚҚ 2015 жылға қарай 2008 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде кемінде 39,5%-ға ұлғаюы	197,9%
Өңдеу өнеркәсібінің 2015 жылға қарай 2008 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде 43,6%-ға ұлғаюы	140%
Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің нақты мәнде 2015 жылға қарай 2008 жылғы деңгейге қарағанда кемінде 1,5 есеге ұлғаюы	2,9 есе
Өңделген экспорттың құндық көлемінің 2015 жылға қарай 2008 жылғы деңгейге қарағанда кемінде 30% - ға ұлғаюы	- 28,2%

* Авторлармен құрастырылған

2008 жылы өңдеу өнеркәсібінің ЖҚҚ нақты мәнде 1432,9 млрд. теңгені құрады. 1-суреттің деректерін пайдалана отырып, шикізаттық емес сектордың ЖҚҚ нақты мәнде 2015 жылға қарай 2008 жылғы деңгейге қарағанда 197,9% құрайтынын есептеуге болады. Мұны экономика мен өнеркәсіпті дамыту үшін сол кезеңдегі қолайлы ішкі және сыртқы жағдайлармен түсіндіруге болады.

2015 жылы өңдеу өнеркәсібі өнімін өндіру көлемі нақты мәнде 6120,6 млрд.теңгені, ал 2008 жылы – 2546,6 млрд. теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2008-2015 жылдар аралығындағы кезеңде 3574 млрд. теңгеге немесе 140%-ке ұлғайғанын көрсетті.

Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі нақты мәнде 2008 жылы 2653,9 мың теңгені құрады және 2015 жылы 2,9 есеге ұлғайды.

2008 жылы шикізаттық емес (өңделген) өнімнің экспорты 19196,2 млн. АҚШ долларын құрады және 2015 жылмен салыстырғанда 5409,5 млн. АҚШ долларына немесе 28,2%-ға қысқарды.

Қазақстанның Ұлттық экономика министрлігі 2015 жылы ҮИИДМБ іске асырылуына бағалау жүргізді, оның нәтижелері бойынша бағдарламаның 191 көрсеткішінің 147-не немесе 77%-не қол жеткізілгені, 44 көрсеткіш бойынша нәтижелерге қол жеткізілмегені анықталды. Министрлік мамандары ҮИИДМБ орындамауының мынадай негізгі себептерін атап өтті:

- бағдарламаны жеткіліксіз қаржыландыру;
- басым секторлардың кең спектрі;
- сыртқы нарықтардағы жағдайдың нашарлауы;
- мемлекеттік билік органдары арасындағы үйлестірудің жеткіліксіздігі;
- өңірлердің және жеке сектордың жеткіліксіз қатысуы;
- бағалау мен мониторингтің жетілмеген әдістемесі.

ИИДМБ-1 кластерлік тәсілді және салалық реттеуді ескере отырып, ел өңірлерінің мамандануы негізінде Қазақстанның өңдеу өндірісі кәсіпорындарын жаңғыртуға бағытталған елдің индустриялық-инновациялық дамуының 2015-2019 жылдарға арналған екінші кезеңі болды. Басым бағыттар тізіміне өңдеу өнеркәсібі: түсті және қара металлургия, мұнай және агрохимия, мұнай өңдеу, электр жабдықтарын, автомобильдер мен азық-түлік өнімдерін өндіру, теміржол, тау-кен және мұнай-газ машина жасау, құрылыс материалдарын өндіру секторлары кірді.

2-кестеде 2015 жылмен салыстырғанда 2019 жылға арналған ҮИИДМБ-1 нысаналы индикаторлары және олардың орындалуының талдауы ұсынылған.

2-кесте

2015-2019 жылдарға арналған ИИДМБ-1 шеңберінде нысаналы индикаторлар және олардың орындалуының талдауы*

Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері	Орындалуы
Өңдеу өндірісі секторының өнімдері экспортының көлемі 19%-ға ұлғаюы	17,9%
Еңбек өнімділігінің 22 %-ға ұлғаюы	79,6%
Өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына инвестициялар көлемі 4,5 трлн. теңге	4,9 трлн. теңге
Өңдеу өнеркәсібінде жұмыспен қамтылғандар санының 515,3 мың адамға дейін өсуі	584 мың адам

* Авторлармен құрастырылған

2-кесте мен 1-суреттің деректерін талдау 2015 жылмен салыстырғанда 2019 жылға қарай өңдеу өндірісі секторының өнім экспортының көлемі 17,9%-ға артқанын көрсетті, яғни орындалмауы 1,1 п.к. құрады.

ИИДМБ-1-дің қалған нысаналы индикаторлары бойынша өңдеуші өндіріс секторын дамытудың жоспарланған көрсеткіштерінің орындалуы асып түсті: 2019 жылы 2015 жылмен салыстырғанда еңбек өнімділігі 79,6%-ға ұлғайды; негізгі капиталға инвестициялар көлемі 2015-2019 жылдары 4,9 трлн. теңге соманы құрады; жұмыспен қамтылғандар саны 2019 жылға қарай 515,3 мың адамға дейін өсті.

2020-2025 жылдарға арналған ИИДМБ-2 ішкі және сыртқы нарықтарда Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті өңдеу өнеркәсібін қалыптастыруға бағытталған елдің индустриялық-инновациялық дамуының үшінші кезеңі болды.

2020-2025 жылдарға арналған ИИДМБ-2 іске асырудың негізгі міндеттеріне мыналар жатқызылды:

- 1) индустриялық кәсіпкерліктің әлеуетін арттыру жолымен индустрияландыруды тереңдету;
- 2) ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өңделген тауарлар өндірісінің көлемін ұлғайту және номенклатурасын кеңейту;
- 3) базалық өндірістерді дамытуды ынталандыру және стратегиялық жобаларды іске асыру арқылы өнеркәсіптік қуаттарды ұлғайту;
- 4) өңдеу өнеркәсібі салаларын технологиялық дамыту және цифрландыру.

Индустриялық-инновациялық дамудың үшінші бағдарламасында өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі және шикізаттық емес экспорттың үлесі сияқты индикаторларды сақтай отырып, мемлекеттік қолдау форматы түзетілді: олардың проблемалары мен әлеуетінің жиынтығына байланысты компаниялар тобы пайда болды (BCG матрицасын қашықтан еске түсіретін тәсіл). Бағдарламаның маңызды жаңалығы мемлекеттік қолдау алушының қарсы міндеттемелерін енгізу болды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.07.2022 жылғы №508 қаулысымен Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының күші жойылды және жабылды. Қазіргі уақытта Қазақстан үкіметі Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуын ұлттық жобалар мен тұжырымдамалар арқылы жүзеге асырады.

3-кестеде ҮИИДМБ-2-нің 2020, 2021 жылдарға арналған нысаналы индикаторлары және олардың орындалуын талдау ұсынылған.

3-кесте

**2020-2025 жылдарға арналған ИИДМБ-2 шеңберінде
нысаналы индикаторлар және олардың орындалуын талдау***

Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Бағдарлама бойынша болжамдар		Орындалуы	
		2020	2021	2020	2021
1	2	3	4	5	6
Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің нақты өсуі	өткен жылға %	108,0	107,4	116,2	122,9
Өңдеу өнеркәсібінің экспорт көлемінің өсуі	өткен жылға %	109,4	109,7	90,4	127,2
Өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына инвестициялардың нақты көлемінің индексі	өткен жылға %	131,4	123,9	97,5	107,9
Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын орта бизнес өндірісінің көлемі	млн. теңге	3845920,0	4353037,4	3048000	-*
Өңдеу өнеркәсібіндегі жалпы қосылған құнның нақты өсуі	2018 жылға %	116,4	129,3	130,7	161,7
Өңдеу өнеркәсібінің инновациялық-белсенді кәсіпорындарының үлесі	%	18,3	19,5	15,4	12,9

*

¹ 3-кестенің деректерін талдау 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылға қарай өңдеу өндірісі секторының өнім экспорты көлемінің 90,4%-ға артқанын көрсетті, яғни орындамау 19 п.к. құрады. Алайда, 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібінің экспорт көлемі көрсеткішінің 127,2%-ға өсуі байқалды, яғни асыра орындау 17,5 п.к. құрады.

^m Талданған 2020 және 2021 жылдары ИИДМБ-2 нысаналы көрсеткіштерінің орындалмауы мынадай индикаторлар бойынша орын алды:

^p - өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына инвестициялардың нақты көлемінің индексі (2021 жылы орындалмағаны 16 п.к. құрады);

^l - өңдеу өнеркәсібіндегі шағын орта бизнес өндірісінің көлемі (2020 жылы орындалмағаны 797 920 млн. теңгені құрады);

^e - өңдеу өнеркәсібінің инновациялық-белсенді кәсіпорындарының үлесі (2021 жылы орындалмағаны 6,6 п.к. құрады).

^κ ИИДМБ-2-нің қалған нысаналы индикаторлары бойынша өңдеуші өндіріс секторын дамытудың жоспарланған көрсеткіштерінің орындалуы асып түсті: 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің нақты өсуі 122,9% құрады; өңдеу өнеркәсібіндегі жалпы қосылған құнның нақты өсуі 161,7% құрады.

^m Осылайша, ҮИИДМБ, ИИДМБ-1 және ИИДМБ-2 нысаналы индикаторларының орындалуына жүргізілген талдау өңдеуші өндіріс секторының өнім экспорты көлемінің көрсеткіші бойынша қалыптасқан қолайсыз жағдайды көрсетеді.

^ы ҮИИДМБ шеңберінде қойылған планка ИИДМБ-1 және ИИДМБ-2 еліміздің өңдеу өнеркәсібінің индустриялық-инновациялық дамуына жағдай жасауды және жандандыруды көздеді. Алайда, өнеркәсіптегі инновациялық процестер өте күрделі, ал ҮИИДМБ міндеттері негізінен ел экономикасының жұмыс істеу негіздерін қалыптастыруға қатысты екенін атап өткен жөн. Бағдарламаны іске асыру ұлттық экономиканың құрылымын өзгертуге мүмкіндік бермеді. ҮИИДМБ заманауи технологиялар мен инновацияларға негізделген өңдеуші өндірісте табысты жобаларды құруға ықпал еткен жоқ.

2015-2019 жылдарға арналған ИИДМБ еліміздің индустриялық-инновациялық дамуының екінші бесжылдығына айналды, оны әзірлеу ҮИИДМБ-ны іске асыру сабақтарын ескере отырып жүргізілді. ИИДМБ-ны ҮИИДМБ-дан ажырататын маңызды сәттер:

- қаржыландырудың жаңа моделі – жеке сектор қаражатын тарту (66%), ал ҮИИДМБ тарапынан бизнесті ауқымды мемлекеттік қолдау байқалды;

- бағдарламаның нысаналы индикаторларына қол жеткізуіне мотивация және оларға қол жеткізуі үшін дербес жауапкершілік.

ҚР индустриялық-инновациялық дамуының 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (ИИДМБ-2) инновациялық саясаттың жаңа бағыттары сипатталған және мынадай жаңа индикаторлар енгізілген: өңдеуші өндіріс кәсіпорындарындағы экономикалық белсенді халық санын 1000 адамға ұлғайту; экономикалық күрделілік индексында (Гарвард) орынды жоғарылату; жоғары және орташа технологиялық күрделіліктегі тауарлар экспортының көлемін ұлғайту; саладағы жобалардың саны; мемлекеттік көмек алған кәсіпорындардың саны.

Қорытынды. Қазіргі уақытта Қазақстан үкіметі Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуын ұлттық жобалар мен тұжырымдамалар арқылы жүзеге асырады.

ҚР индустриялық-инновациялық даму бағдарламаларының қолданбалы нәтижелілігін талдау бірқатар қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын инновациялық дамыту – ауқымды және күрделі міндет, оны қысқа мерзімде орындау мүмкін болмайды. Өнеркәсіп секторларын технологиялық жаңғырту бойынша мемлекет деңгейінде шешімдер қабылдау процесіне жүйелі көзқарас қажет. Бұл бағытта кәсіпорындардың бәсекелестік артықшылықтарын жандандыруға баса назар аудару дұрыс бағдар болып табылады;

- мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелерін ашық талқылап, қателіктердің болу себептерін анықтай отырып, жауапты тараптарды айқындау бойынша жұмыс жүргізу қажет;

- өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының инновациялық дамуға мүмкіндіктерін сәйкесінше бағалау және қалыптасқан жағдайларға сәйкес келетін нысаналы индикаторларды белгілеу мәселелерін мұқият пысықтау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Kurmanov N., Turekulova D., Doskeyeva G., Alina G. A research on innovation in small and medium-sized enterprises: The case of Kazakhstan // *International Journal of Economics and Financial Issues*. – 2016. – Т. 6. – №. 3. – P. 907-910.

2. Kurmanov N., Beisengaliyev Y., Bayandin M., Syzdykova E., Tolysbayeva M. Innovative development of Kazakhstan's raw material (oil and gas) regions: multifactorial model for empirical analysis // *International Journal of Energy Economics and Policy*. – 2022. – Т. 12. – №. 4. – P. 131-140.

3. Baymammadli N. How to increase efficiency at manufacturing firms: expanding innovation activities // *Economic and Social Development: Book of Proceedings*. – 2020. – № 4. – P. 440-446.

4. Указ Президента Республики Казахстан. О Государственной программе по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010-2014 годы: утв. 19 марта 2010 года, №958 // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U100000958>.

5. Указ Президента Республики Казахстан. Об утверждении Государственной программы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы: утв. 1 августа 2014 года, №874 // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31588425.

6. Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Государственной программы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2020-2025 годы: утв. 31 декабря 2019 года, №1050 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900001050>.

7. Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Государственной программы поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса-2020»: утв. 25 августа 2018 года, №522 // <https://www.zakon.kz/4935647-utverzhdena-gosudarstvennaya>.

8. Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении национального проекта «Технологический рывок за счет цифровизации, науки и инноваций»: утв. 12 октября 2021 года, № 727 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000727>.

9. Президент Республики Казахстан Назарбаев Н.А. Казахстан – 2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: послание народу Казахстана [Электронный ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus>.

10. Указ Президента Республики Казахстан. О Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы: утв. 17 мая 2003 года, № 1096 // <https://adilet.zan.kz>.

11. Указ Президента Республики Казахстан. О внесении изменений и дополнений в Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 958 «О Государственной программе по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010-2014 годы и признании утратившими силу некоторых указов Президента Республики Казахстан»: утв. 1 августа 2013 года, № 607 // <https://adilet.zan.kz>.

12. Указ Президента Республики Казахстан. О внесении изменений и дополнений в Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 958 «О Государственной программе по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010-2014 годы и признании утратившими силу некоторых указов Президента Республики Казахстан»: утв. 7 марта 2014 года, № 762 // <https://adilet.zan.kz>.

13. Указ Президента Республики Казахстан. О внесении изменений и дополнений в Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года №958 «О Государственной программе по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010-2014 годы и признании утратившими силу некоторых указов Президента Республики Казахстан»: утв. 25 декабря 2014 года, № 984 // <https://adilet.zan.kz>.

REFERENCES

1. Kurmanov N., Turekulova D., Doskeyeva G., Alina G. A research on innovation in small and medium-sized enterprises: The case of Kazakhstan // *International Journal of Economics and Financial Issues*. – 2016. – Т. 6. – №. 3. – P. 907-910.

2. Kurmanov N., Beisengaliyev Y., Bayandin M., Syzdykova E., Tolysbayeva M. Innovative development of Kazakhstan's raw material (oil and gas) regions: multifactorial model for empirical analysis // *International Journal of Energy Economics and Policy*. – 2022. – Т. 12. – №. 4. – P. 131-140.

3. Baymmamadli N. How to increase efficiency at manufacturing firms: expanding innovation activities // *Economic and Social Development: Book of Proceedings*. – 2020. – № 4. – P. 440-446.

4. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan. O Gosudarstvennoj programme po forsirovannomu industrial'no-innovacionnomu razvitiju Respubliki Kazahstan na 2010-2014 gody: utv. 19 marta 2010 goda, №958 [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan. On the State Program for Accelerated Industrial-Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2010-2014: approved. March 19, 2010, No. 958] // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U100000958> [in Russian].

5. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan. Ob utverzhdenii Gosudarstvennoj programmy industrial'no-innovacionnogo razvitija Respubliki Kazahstan na 2015-2019 gody: utv. 1 avgusta 2014 goda, №874 [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan. On approval of the State Program for Industrial and Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2015-2019: approved. August 1, 2014, No. 874] // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31588425 [in Russian].

6. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan. Ob utverzhdenii Gosudarstvennoj programmy industrial'no-innovacionnogo razvitija Respubliki Kazahstan na 2020-2025 gody: utv. 31 dekabrya 2019 goda, №1050 [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan. On approval of the State Program for Industrial and Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025: approved. December 31, 2019, No. 1050] // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900001050> [in Russian].

7. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan. Ob utverzhdenii Gosudarstvennoj programmy podderzhki i razvitija biznesa «Dorozhnaja karta biznesa-2020»: utv. 25 avgusta 2018 goda, №522 [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan. On approval of the State Program for Business Support and Development «Business Road Map 2020»: approved. August 25, 2018, No. 522] // <https://www.zakon.kz/4935647-utverzhdena-gosudarstvennaya> [in Russian].

8. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan. Ob utverzhdenii nacional'nogo proekta «Tehnologicheskij ryvok za schet cifrovizacii, nauki i innovacij»: utv. 12 oktjabrya 2021 goda, № 727 [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan. On approval of the national project

«Technological breakthrough through digitalization, science and innovation»: approved. October 12, 2021, No. 727] // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000727> [in Russian].

9. Prezident Respubliki Kazahstan Nazarbaev N.A. Kazakhstan – 2030: Procvetanie, bezopasnost' i uluchshenie blagosostojanija vseh kazahstancev: poslanie narodu Kazahstana [President of the Republic of Kazakhstan Nazarbayev N.A. Kazakhstan – 2030: Prosperity, security and improvement of the well-being of all Kazakhstanis: a message to the people of Kazakhstan] [Elektronny resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus> [in Russian].

10. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan. O Strategii industrial'no-innovacionnogo razvitija Respubliki Kazahstan na 2003-2015 gody: utv. 17 maja 2003 goda, № 1096 [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan. On the Strategy for Industrial and Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2003-2015: approved. May 17, 2003, No. 1096] // <https://adilet.zan.kz> [in Russian].

11. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan. O vnesenii izmenenij i dopolnenij v Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 19 marta 2010 goda № 958 «O Gosudarstvennoj programme po forsirovannomu industrial'no-innovacionnomu razvitiju Respubliki Kazahstan na 2010-2014 gody i priznanii utrativshimi silu nekotoryh ukazov Prezidenta Respubliki Kazahstan»: utv. 1 avgusta 2013 goda, № 607 [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan. On introducing amendments and additions to the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated March 19, 2010 No. 958 «On the State Program for Accelerated Industrial-Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2010 - 2014 and recognizing as invalid some decrees of the President of the Republic of Kazakhstan»: approved. August 1, 2013, No. 607] // <https://adilet.zan.kz> [in Russian].

12. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan. O vnesenii izmenenij i dopolnenij v Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 19 marta 2010 goda № 958 «O Gosudarstvennoj programme po forsirovannomu industrial'no-innovacionnomu razvitiju Respubliki Kazahstan na 2010 - 2014 gody i priznanii utrativshimi silu nekotoryh ukazov Prezidenta Respubliki Kazahstan»: utv. 7 marta 2014 goda, № 762 [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan. On introducing amendments and additions to the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated March 19, 2010 No. 958 «On the State Program for Accelerated Industrial-Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2010 - 2014 and recognizing as invalid some decrees of the President of the Republic of Kazakhstan»: approved. March 7, 2014, No. 762] // <https://adilet.zan.kz> [in Russian].

13. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan. O vnesenii izmenenij i dopolnenij v Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 19 marta 2010 goda №958 «O Gosudarstvennoj programme po forsirovannomu industrial'no-innovacionnomu razvitiju Respubliki Kazahstan na 2010-2014 gody i priznanii utrativshimi silu nekotoryh ukazov Prezidenta Respubliki Kazahstan»: utv. 25 dekabrja 2014 goda, № 984 [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan. On introducing amendments and additions to the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated March 19, 2010 No. 958 «On the State Program for Accelerated Industrial-Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2010-2014 and invalidating some decrees of the President of the Republic of Kazakhstan»: approved. December 25, 2014, No. 984] // <https://adilet.zan.kz> [in Russian].

Әділбекұлы М., Абдраманова Г.К., Бабажанова Ж.А., Жолдасова Г.И.

АНАЛИЗ ПРИКЛАДНОЙ РЕЗУЛЬТАТИВНОСТИ ПРОГРАММНЫХ ДОКУМЕНТОВ ПО СТИМУЛИРОВАНИЮ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ

Аннотация

В статье проанализирована прикладная результативность программных документов по стимулированию инновационной деятельности предприятий Казахстана. С использованием методов анализа программных и нормативных документов (прикладной анализ результативности), методов статистического анализа проведена комплексная оценка прикладной результативности программных и нормативных документов по стимулированию инновационной деятельности предприятий Казахстана. Проведенный анализ выполнения целевых индикаторов государственных программ индустриально-инновационного развития на 2010-2014, 2015-2019, 2020-2025 годы свидетельствует о неблагоприятной ситуации, которая сложилась по показателю объема экспорта продукции сектора обрабатывающего производства. По результатам проведенного анализа сделан ряд выводов: инновационное развитие предприятий обрабатывающей промышленности Казахстана – масштабная и сложная задача. Необходим системный подход к процессу принятия решений на уровне государства по технологической модернизации секторов промышленности. В этом направлении правильным

ориентиром является акцент на активизацию конкурентных преимуществ предприятий. Следует открыто обсуждать результаты государственных программ и проводить работу над ошибками с выявлением причин невыполнения и определения круга ответственных сторон. Необходимо тщательно прорабатывать вопросы адекватной оценки возможностей предприятий обрабатывающей промышленности к инновационному развитию и постановки целевых индикаторов, соответствующих сложившимся условиям.

Adilbekuly M., Abdramanova G., Babazhanova Zh., Zholdasova G.

**ANALYSIS OF APPLIED PERFORMANCE OF PROGRAM DOCUMENTS
FOR STIMULATING INNOVATION ACTIVITIES OF ENTERPRISES**

Annotation

The article analyzes the applied effectiveness of program documents to stimulate innovative activities of enterprises in Kazakhstan. Using methods of analysis of program and regulatory documents (applied performance analysis), methods of statistical analysis, a comprehensive assessment of the applied effectiveness of program and regulatory documents to stimulate the innovative activities of enterprises in Kazakhstan was carried out. The analysis of the implementation of target indicators of state programs of industrial and innovative development for 2010-2014, 2015-2019, 2020-2025 indicates an unfavorable situation that has developed in terms of the volume of exports of products from the manufacturing sector. Based on the results of the analysis, a number of conclusions were drawn: the innovative development of manufacturing enterprises in Kazakhstan is a large-scale and complex task. A systematic approach to the decision-making process at the state level on technological modernization of industrial sectors is needed. In this direction, the correct guideline is the emphasis on enhancing the competitive advantages of enterprises. The results of government programs should be openly discussed and work should be done to correct mistakes, identifying the reasons for non-compliance and identifying the circle of responsible parties. It is necessary to carefully consider the issues of adequately assessing the capabilities of manufacturing enterprises for innovative development and setting target indicators that correspond to the current conditions.

